

6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша (PhD) философия ғылыми дәрежесін алуға докторант PhD Улдан Батырхановна Дербисбековаға «4*H*-пиридо[4',3':5,6]пирано[2,3-*d*]пиримидин» туындысының субстанциясы негізіндегі дәрілік қалыптың құрамы мен технологиясын жасау» тақырыбы туралы ғылыми кеңесші, ҚР ҰҒА академигі, м.ғ.д., профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қайролла Дүйсенбайұлы Рахимовтың

ПІКІРІ

ДДҰ ұсыныстарына сәйкес, елдің фармацевтикалық өнімдерін өндірудің стратегиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында фармацевтикалық нарықтың жалпы көлемінің 20 %-нан кем болмауы тиіс. Бізде бұл көрсеткіш 10-12 % деңгейінде, ал Қазақстандық фармацевтикалық өндірушілер қарапайым дәрі-дәрмектерді немесе импортталатын заттар негізінде генериктерді шығарады. Сондықтан қазіргі таңда белгілі субстанциялардың құрылымына ұқсамайтын радикалды күшті молекулаларды іздеуді жандандырудың маңызы артып келеді.

Дербисбекова Улдан Батырхановнаның докторлық жұмысы синтез жолымен белсенді субстанция бөліп алып, оның негізінде зенге қарсы әсері бар дәрілік қалып жасау және клиникаға дейінгі қауіпсіздік зерттеулерін жүргізуге бағытталған. Зерттеу барысында 4*H*-пиридо[4',3':5,6]пирано[2,3-*d*]пиримидин туындыларынан пиперидинилэтанон белсенді субстанциясын синтездеп және оның негізінде жасалынған гельдің оңтайлы құрамы мен технологиясы жасалынды. Диссертациялық жұмыс бойынша пиперидинилэтанон субстанциясын *in vitro* әдісімен өткір және созылмалы уыттылығы, «Anticandid» шартты атаумен аталынған сыртқа қолдануға арналған гельдің аллергияға қарсы әсері зерттелді.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, әдеби шолудан, тәжірибелік бөлім және оны талқылаудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұратын толық зерттелген ауқымды жұмыс.

У.Б. Дербисбекова диссертациясының тәжірбиелік бөлімнің негізгі зерттеулерін әлемдік стандарттарға сай, жаңа технологиялық құрылғылармен жабдықталған Ұлттық фармацевтикалық университет (Харьков қаласы, Украина) лабораториясында ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді. Зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми тәжірибелік конференцияларда, Web of Science Core Collection және Scopus мәліметтер қорына кіретін журналдарда бірнеше мақалалары жарық көрді.

Докторант PhD ғылыми жұмысын зерттеу барысында жоғарғы біліктілік, білімге деген құштарлық, табандылық пен бастамашылдық

байқатып, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсене айналысып, өзін жауапты, еңбеккер, сауатты, талапкер, әрқашанда білім алу саласы жағынан ізденісте жүретін жас маман ретінде танытты.

Диссертацияның негізгі нәтижелері 30-дан астам мақала мен тезис түрінде, оның ішінде: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми баспаларда – 9; Web of Science Core Collection және Scopus (h индекс 1) мәліметтер қорына кіретін халықаралық басылымдарда – 3; Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда – 9; Халықаралық қатысумен өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияларда мен шетелдік журналдарда – 10-нан астам жұмыс жарық көрді; ҚР-ның Әділет министрлігімен берілген пайдалы моделге патенті – 1.

Аталып отырған мәліметтердің барлығын ескере отырып, докторант PhD У.Б. Дербисбекованың диссертациялық жұмысы 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша барлық талаптарға сәйкес орындалған және 6D110400 – «Фармация» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп пікір білдіремін.

**Ғылыми кеңесші,
клиникалық фармакология,
денсаулық сақтау технологиясын бағалау
және дәлелді медицина кафедрасының менгерушісі,
ҚР ҰҒА академигі, м.ғ.д., профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты**

